



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ

ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы Отечественная история History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2025. № 28 (4)

РЕДАКЦИЯ

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Редакциялық алқа

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Абдырахманов Толобек Әбілұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (Қырғыз Республикасы, Бішкек)

Апендиев Тимур Әкімханұлы – PhD докторы, доцент, жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Горшенина Светлана Михайловна – PhD, тарих ғылымдарының кандидаты; CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/ Sorbonne университетінің зерттеу бөлімінің директоры (Франция, Париж)

Исмағұлов Оразақ Исмағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің физикалық антропология зертханасының меңгерушісі (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Шиндзю Като – PhD (археология бойынша), Нарадағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара)

Бирсель Каракоч – Уппсала университетінің түркі тілдерінің профессоры (Швеция, Уппсала қ.)

Мионг Сун-ок – антропология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (Корея, Сеул)

Қозыбаева Махаббат Маликовна – PhD доктор; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Моррисон Александр – PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Ұлыбритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – археология ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс университетінің «Биоархеология» ғылыми орталығының жетекшісі (Литва, Вильнюс)

Муминов Әшірбек Құрбанұлы – тарих ғылымдарының докторы, арабтанушы, профессор; ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Түркия, Стамбул)

Нұрсан Әлімбай – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Оттепова Гүлфира Елубайқызы – тарих ғылымдарының докторы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.)

Оутрам Алан – археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна – Солтүстіктің байырғы халықтарының мәселелері және гуманитарлық зерттеулер институтының этнологиялық зерттеулер орталығының жетекшісі (АН СР(Ы) ХР) (Ресей Федерациясы, Якутск қ.)

Рюосуке Оно – Васеда университетінің тереңдетілген гуманитарлық зерттеулер орталығының доценті (Жапония, Токио)

Сәбитов Жақсылық Мұратұлы – Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының директоры, PhD доктор (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Томохико Уяма – PhD докторы, Хоккайдо университетінің славян және еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония, Саппоро)

Финке Питер – PhD докторы, Цюрих университетінің Макс Планк институтының профессоры (Швейцария, Цюрих)

Шотанова Ғалия Айтжанқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Жауапты редактор

Абдулина Ақсұңқар Тұрсынқызы

Жауапты хатшы және редактор

Мырзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нұрлыбек Айдарбекұлы

Көбеев Рүстем Джаулыбайұлы

Техникалық көмек

Зікірбаева Венера Серікқызы

Копеева Сания Жұматайқызы

РЕДАКЦИЯ

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Члены редакционной коллегии

Абиля Аманжолович – доктор исторических наук, профессор (Республика Казахстан, г. Астана)

Абдырахманов Толобек Абилович – доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР (Кыргызская Республика, г. Бишкек)

Апендиев Тимур Акимханович – PhD, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Горшенина Светлана Михайловна – доктор PhD, кандидат исторических наук; директор по исследованиям CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Университет Сорбонны (Франция, г. Париж)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана)

Като Синдзи (Shinji Kato) – PhD (в области археологии), Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара)

Бирсель Каракоч, профессор турецких языков, Уппсальский университет (Швеция, г. Уппсала)

Мионг Сун-ок – доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, г. Сеул)

Козыбаева Махаббат Маликовна – доктор PhD; ведущий научный сотрудник Института культуры и духовного развития «Алаш» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана)

Моррисон Александр – PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, (Литва, г. Вильнюс)

Муминов Аширбек Курбанович – доктор исторических наук, арабист, профессор; консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул)

Нурсан Алимбай – кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Отеева Гульфира Елубаевна – доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А.Х. Маргулана (Республика Казахстан, г. Павлодар)

Оутрам Алан – доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна, руководитель Центра этнологических исследований Института гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера (ИГИ АН РС(Я)) (Российская Федерация, г. Якутск)

Рюосуке Оно – доцент, Центр перспективных гуманитарных исследований, Университет Васеда (Япония, г. Токио)

Сабитов Жаксылык Муратович – директор Научного института изучения Улуса Джучи, доктор PhD (Республика Казахстан, г. Астана)

Томохико Уяма – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований университета Хоккайдо (Япония, г. Саппоро)

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, г. Цюрих)

Шотанова Галия Айтжановна – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Ответственный редактор

Абдулина Аксункар Турсуновна

Ответственный секретарь и редактор

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Научные редакторы:

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нурлыбек Айдарбекович

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Техническое сопровождение

Зикирбаева Венера Сериковна

Копеева Саня Жуматаевна

EDITORIAL TEAM

Editor-in-Chief

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, general Director of Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Republic of Kazakhstan, Astana)

Abdyrakhmanov Tolobek Abilovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic (Kyrgyz Republic, Bishkek)

Apendiev Timur Akimkhanovich – PhD, associate professor, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Gorshenina Svetlana Mikhailovna – PhD, Candidate of Historical Sciences; Research Director of CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Sorbonne University (France, Paris)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Laboratory of Physical Anthropology of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana)

Shinji Kato – PhD (Archaeology), Nara National Research Institute for Cultural Properties (Japan, Nara)

Birsel Karakoch – Professor of Turkic Languages, Uppsala University (Sweden, Uppsala)

Myong Soon-ok – PhD (Anthropology), Associate Professor (Seoul, Korea)

Kozybaeva Makhabbat Malikovna – PhD; Leading Researcher, Institute of Culture and Spiritual Development «Alash» of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Republic of Kazakhstan, Astana)

Morrison Alexander – PhD, Professor, New College, Oxford (United Kingdom, Oxford)

Motuzaitė-Matuzevichute Gidrė – Doctor of Archaeology, Professor, Head of the Scientific Center «Bioarchaeology» of Vilnius University, (Lithuania, Vilnius)

Muminov Ashirbek Kurbanovich – Doctor of Historical Sciences, Arabist, Professor; Consultant to the Director General for Organizational Activities of the OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul)

Nursan Alimbay – Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Otepova Gulmira Elubayevna – Doctor of Historical Sciences, Professor at the A. Margulan Pavlodar Pedagogical University (Republic of Kazakhstan, Pavlodar)

Outram Alan – Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter)

Romanova Ekaterina Nazarovna – Head of the Center for Ethnological Research, Institute for Humanitarian Research and Problems of Indigenous Peoples of the North (IHR RAS (Yakutia)) (Russian Federation, Yakutsk)

Ryuosuke Ono – Associate Professor, Center for Advanced Humanitarian Studies, Waseda University (Japan, Tokyo)

Sabitov Zhaksylyk Muratovich – Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, PhD (Republic of Kazakhstan, Astana)

Tomohiko Uyama – PhD, Professor, Center for Slavic-Eurasian Studies, Hokkaido University (Japan, Sapporo)

Finke Peter – PhD, Professor, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland, Zurich)

Shotanova Galiya Aitghanovna – Candidate of historical sciences, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editor-in-Chief

Abdulina Aksunkar Tursunovna

Responsible Secretary and Editor

Murzakhodjaev Kuanysh Madievich

Scientific Editors:

Kasymova Didar Beysengalieva

Chernienko Denis Arkadyevich

Dosymbetov Nurlybek Aidarbekovich

Kubeev Rustem Dzhaubayuly

Technical support

Zikirbaeva Venera Serikovna

Kopeeva Saniya Zhumataevna



Published in the Kazakhstan
Otan tarikh
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 4. Pp. 1177–
1188
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.01.29

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_4_1177-1188

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ (2021–2025 жж.)

Әсел Рахметова¹, Гүлжан Сарсембаева²

¹С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, (Өскемен, Қазақстан), докторант,
<https://orcid.org/0009-0000-9255-7962>. E-mail: Asselkabitkhanova@gmail.com

²С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, (Өскемен, Қазақстан), тарих
ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, <https://orcid.org/0000-0003-1371-1656>. E-
mail: Gulzhan1974@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Рахметова Ә., Сарсембаева Г., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* ХХІ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстандағы демографиялық дамудың жаңа үрдістерін зерттеу қазіргі тарих, экономика, әлеуметтік ғылымдар саласында өзекті бағыттардың бірі. Сондықтан да Қазақстанның демографиялық құрылымындағы өзгерістер әлеуметтік-экономикалық даму мен мемлекеттік саясатқа тікелей әсерін тигізетін маңызды фактор ретінде қарастырылады. *Мақсаты мен міндеттері.* ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінің соңғы бөлігіндегі Қазақстандағы демографиялық дамудың негізгі үрдістерін анықтауды мақсат еттік. Осы негізгі мақсатқа жету үшін туу мен өлім көрсеткіштерінің динамикасы талданды, урбанизация деңгейін бағалауға талпыныс жасалды; ішкі және сыртқы көші-қон үдерістері зерттелді. *Материалдар мен әдістер.* Қазақстанның Ұлттық статистика бюросы деректері осы мақаланың материалдық бөлігін құрады. Сонымен қатар ғылыми әдебиеттерді жүйелі қолдану мақсатында Taylor, Francis, Routledge және Dove Medical Press баспаларындағы зерттеу тақырыбына қатысты рецензияланған мақалалар зерделенді. Әдістемелік негізі ретінде салыстырмалы-тарихи талдау, статистикалық әдістер, құрылымдық өзгерістерді бағалау қолданылды. *Нәтижелер.* Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 2021–2025 жылдар аралығында Қазақстанда халық саны едәуір өсті, сонымен қатар туу көрсеткіші тұрақталды, адамдардың өмір сүру ұзақтығы артты. Урбанизацияның қарқынды дамығанын да байқадық, этнодемографиялық құрылым трансформацияға ұшырады. Ішкі және сыртқы көші-қон динамикасы елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер етті. *Қорытынды.* Бұл жұмыс Қазақстандағы демографиялық дамудың жаңа тенденцияларын анықтауға және әлеуметтік-экономикалық саясатты жетілдіруге, көші-қон үдерістерін реттеу бойынша практикалық мәнге ие деген тұжырым жасалды.

Кілт сөздер: Қазақстан демографиясы, ХХІ ғасырдың алғашқы ширегі, жаңа үрдістер, урбанизация, көші-қон, тарихи кезең

Алғыс. Авторлар мақала жариялануға дайындалған кезде көрсеткен көмегі үшін «Otan Tarih» журналының редакторына, сондай-ақ зерттеуге деген назарлары мен қызығушылықтары үшін анонимді рецензенттерге алғысын білдіреді.

Дәйексөз үшін: Рахметова Ә., Сәрсембаева Г. Қазақстандағы демографиялық дамудың жаңа бағыттары (2021–2025 жж.) // Отан тарихы. 2025. Т. 28. №. 4. 1177–1188-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1177-1188

НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА (2021–2025 гг.)

Әсел Рахметова¹, Гүлжан Сарсембаева²

¹Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, (Усть-Каменогорск, Казахстан), <https://orcid.org/0009-0000-9255-7962>, E-mail: Asselkabitkhanova@gmail.com

²Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, (Усть-Каменогорск, Казахстан), кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, <https://orcid.org/0000-0003-1371-1656>, E-mail: Gulzhan1974@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Рахметова Ә., Сарсембаева Г., 2025

Аннотация. *Введение.* Изучение новых тенденций демографического развития Казахстана в первой четверти XXI века является одной из актуальных тем в современной истории, экономике и социальных науках. Поэтому изменения в демографической структуре Казахстана рассматриваются как важный фактор, оказывающий прямое влияние на социально-экономическое развитие и государственную политику. *Цель и задачи.* Была поставлена цель определить основные тенденции демографического развития Казахстана в завершающей части первой четверти XXI века. Для достижения этой цели были проанализированы динамика показателей рождаемости и смертности, предприняты попытки оценить уровень урбанизации; изучены процессы внутренней и внешней миграции. *Материалы и методы.* Данные Бюро национальной статистики Казахстана составили материальную основу данной статьи. Кроме того, с целью системного использования научной литературы были изучены рецензируемые статьи по теме исследования, опубликованные в издательствах Taylor, Francis, Routledge и Dove Medical Press. В качестве методологической основы применялись сравнительно-исторический анализ, статистические методы и оценка структурных изменений. *Результаты.* Как показали результаты исследования, в период с 2021 по 2025 гг. численность населения Казахстана значительно увеличилась, при этом уровень рождаемости стабилизировался, а продолжительность жизни возросла. Также наблюдалось активное развитие урбанизации, этнодемографическая структура претерпела трансформацию. Динамика внутренней и внешней миграции оказала влияние на социально-экономическое положение страны. *Заключение.* Сделан вывод о том, что данная работа позволяет определить новые тенденции демографического развития Казахстана и имеет практическое значение для совершенствования социально-экономической политики и регулирования миграционных процессов.

Ключевые слова: демография Казахстана, первая четверть XXI века, новые тенденции, урбанизация, миграция, исторический период

Благодарность. Авторы выражают признательность редактору журнала «Отан Тарихы» за помощь в подготовке статьи к публикации, а также анонимным рецензентам за внимание и интерес к исследованию.

Для цитирования: Рахметова А., Сарсембаева Г. Новые направления демографического развития Казахстана (2021–2025 гг.) // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. С. 1177–1188. [на казахском].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1177-1188

NEW DIRECTIONS OF DEMOGRAPHIC DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN (2021–2025)

Assel Rakhmetova¹, Gulzhan Sarsembayeva²

¹S.Amanzholov East Kazakhstan University, (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan), doctoral student, <https://orcid.org/0009-0000-9255-7962>. E-mail: Asselkabitkhanova@gmail.com

²S.Amanzholov East Kazakhstan University, (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan), Candidate of Historical Sciences, associate professor, <https://orcid.org/0000-0003-1371-1656>. E-mail: Gulzhan1974@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Rakhmetova A., Sarsembayeva G., 2025

Abstract. *Introduction.* The study of new trends in the demographic development of Kazakhstan in the first quarter of the 21st century is one of the relevant topics in contemporary history, economics, and social sciences. Therefore, changes in Kazakhstan's demographic structure are considered an important factor directly influencing socio-economic development and state policy. *Purpose and objectives.* The objective of this study was to identify the main trends in the demographic development of Kazakhstan in the final part of the first quarter of the 21st century. To achieve this goal, the dynamics of birth and death rates were analyzed; efforts were made to assess the level of urbanization; internal and external migration processes were studied. *Materials and methods.* The data of the Bureau of National Statistics of Kazakhstan formed the material basis of this article. In addition, to ensure the systematic use of scientific literature, peer-reviewed articles related to the research topic published by Taylor, Francis, Routledge, and Dove Medical Press were analyzed. The methodological framework included comparative-historical analysis, statistical methods, and the assessment of structural changes. *Results.* The study results showed that between 2021 and 2025, Kazakhstan's population significantly increased, birth rates stabilized, and life expectancy rose. Active urbanization was observed, and the ethnodemographic structure underwent transformation. The dynamics of internal and external migration affected the country's socio-economic situation. *Conclusion.* It was concluded that this study identifies new trends in Kazakhstan's demographic development and has practical significance for improving socio-economic policy and regulating migration processes.

Keywords: Demography of Kazakhstan, quarter of the 21st first century, new trends, urbanization, migration, historical period

Acknowledgements. The authors express their gratitude to the editors of «Otan Tarihy» for their assistance in preparing the article for publication, as well as to the anonymous reviewers for their attention to and interest in the study.

For citation: A. Rakhmetova, G. Sarsembayeva. New Directions of Demographic Development in Kazakhstan (2021–2025) // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. № 4. Pp. 1177–1188. [in Kazakh].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1177-1188

Кіріспе. Қазақстан соңғы бесжылдықта демографиялық дамудың интенсивті жолына түсуімен ерекшеленеді. Қазақстан халқының демографиялық дамуының трансформациясы XX ғасырдың соңында орын алған әлеуметтік-экономикалық дағдарыстардан басталғаны белгілі. Сол кезең халық санының азаюы, көші-қон ағындарының күшеюі, туу көрсеткішінің төмендеуі және өлім-жітімнің артуы елдің демографиялық құрылымына теріс әсерін тигізген еді. Бұл кезең Қазақстандағы халық санының табиғи өсімі баяулап, урбанизация үдерісі қарқын алған уақытпен сәйкес келді. Салыстырмалы түрде алатын болсақ, 2021 – 2025 жылдар аралығында Қазақстан демографиясында жаңа үрдістер байқалды. Әсіресе, халық санының қайта өсуі, туу көрсеткішінің біршама тұрақтануы, өмір сүру ұзақтығының артуы мен көші-қон процестеріндегі өзгерістер ерекше назар аударады. Сонымен қатар, этнодемографиялық құрылымдағы трансформациялар, жастар үлесінің артуы және урбанизацияның жаңа деңгейге көтерілуі Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етуде. Бұл жаңа үрдістер осы зерттеу жұмысында жүргізілген салыстырмалы-тарихи әдіс, статистикалық талдау, жүйелік тәсілдердің нәтижесінде анықталды.

XXI ғасырдың алғашқы ширегінің соңғы бөлігіндегі демографиялық даму тенденцияларын зерделеу арқылы болашақтағы ұлттық саясатты, көші-қон үдерістерін және әлеуметтік бағдарламаларды қалыптастыру кезінде маңызды бағыттарға басымдық бере аламыз. Қазіргі Қазақстандағы демографиялық процестерді жан-жақты талдау арқылы олардың елдің әлеуметтік тұрақтылығы мен экономикалық дамуына әсерін айқындау зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Хронологиялық зерттеу кеңістігіне кіретін жылдардағы демографиялық дамуды зерттеудің ғылыми және практикалық маңызы өте зор. Әр елдің демографиялық дамуы сол ұлттың ұлттық әлеуетіне тікелей ықпал ететін негізгі бағыттардың бірі. Сондықтан соңғы жылдары Қазақстанда да ұлттық демографияға басымдық беріле бастады. Әсіресе, тәуелсіздік жылдарынан кейін ұлттық демография дербес бағыт ретінде қалыптасты, сонымен қатар этнодемографиялық трансформация, көші-қон, урбанизация, туу мен өлім-жітім мәселелері көптеген зерттеушілердің қызығушылығын тудырды. Мысалы, отандық зерттеушілер Қазақстанның жалпы демографиялық дамуы, соның ішінде туу мен өлім-жітімнің ұзақ мерзімді үрдістерін қарастыру кезінде елдің әртүрлі өңірлеріндегі демографиялық дамудың біркелкі еместігін және бұл өз кезегінде жалпы демографиялық жағдайға әсер ететінін көрсеткен [Rakhmetova, Kaliyeva, 2022: 80].

Демографиялық үрдістерді зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне мән беретін болсақ, қазіргі күні урбанизация, көші-қон, этнодемографиялық өзгерістер туралы еңбектер өте көп. Бұл осы тақырыптың актуальдылығын көрсетеді. Дегенмен, Қазақстандағы демографиялық даму мәселелері бойынша жүргізілген зерттеулер этнодемографиялық өзгерістерді, көші-қон мен урбанизацияны сипаттаумен шектеліп, көбіне статистикалық-аналитикалық сипатта қалып қойғандықтан, тақырыптың теориялық-әдіснамалық және халықаралық ғылыми айналымға енгізу деңгейі жеткілікті дамымаған күйінде қалып отыр.

Қазақстандағы соңғы бес жыл ішіндегі демографиялық өзгерістерді кешенді түрде сараптау және жаңа тенденцияларды анықтау, сонымен қатар өзгерістердің кейбір себептерін болжау осы мақаланың негізгі мақсаты. Осы мақсатқа жету үшін туу мен өлім көрсеткіштерінің динамикасын талдап, елдегі урбанизация үдерістерін қарастырдық. Сондай-ақ көші-қонның ішкі және сыртқы бағыттарын бағамдай отырып, этнодемографиялық құрамдағы өзгерістерді көрсету бойынша қадамдар жасалды. Осылайша, Қазақстандағы демографиялық дамудың жаңа кезеңін айқындап, оның ерекшеліктерін статистикалық деректер негізінде талдау арқылы болжам жасау – мақаланың ғылыми жаңалығы ретінде айқындалды. Бұл өз кезегінде демография саласындағы ғылыми ізденістерді толықтырып қана қоймай, мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатты жетілдіруге де үлес қоса алады.

Материалдар мен әдістер. Мәліметтер Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының ресми деректерінен алынған. Сонымен қатар, Тәуелсіздік алған жылдардан кейінгі халық санақтарының нәтижелері мен демографиялық көрсеткіштердің динамикасын қамтитын ресми статистикалық деректер пайдаланылды. Ғылыми әдебиет пен сараптамалық мақалаларды толық қамту мақсатында зерттеу барысында Taylor, Francis, Routledge және Dove Medical Press баспаларындағы рецензияланған мақалалар базасы да ізделіп, сәйкес мақалалар мен зерттеулерге сілтемелер құрылған. Зерттеудің әдіснамалық негізі салыстырмалы-тарихи және жүйелік талдау тәсілдеріне сүйенеді. Демографиялық процестерді сипаттауда статистикалық әдістер – динамика қатарларын талдау, салыстырмалы көрсеткіштерді есептеу, құрылымдық өзгерістерді бағалау қолданылды. Осы әдістер кешені Қазақстандағы демографиялық дамудың жаңа тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді.

Талқылау. Қазақстандағы демографиялық зерттеулердің ғылыми негізі кеңестік кезеңдегі халық санағы мен этнодемографиялық еңбектерден бастау алады. Тәуелсіздік жылдарынан кейін ұлттық демография жеке ғылыми бағыт ретінде қалыптасып, этнодемографиялық трансформация, көші-қон, урбанизация, туу мен өлім-жітім мәселелері кеңінен зерттеле бастады. Алайда көптеген еңбектер сипаттамалық деңгейде қалып, демографиялық процестердің теориялық үлгілері мен олардың әлеуметтік, экономикалық және саяси ғылымдармен интеграциясы жеткілікті дамымаған. Бұл қазіргі кезеңде демографиялық дамуды талдаудың әдіснамалық базасын жаңартуды және пәнаралық зерттеу тәсілдерін кеңейтуді талап етеді.

Демографиялық зерттеулердің негізгі дереккөзі – Ұлттық статистика бюросының мәліметтері мен халық санағы нәтижелері. Архивтік деректер мен тарихи-демографиялық құжаттар кейбір ғалымдардың еңбектерінде пайдаланылғанымен, көп жағдайда зерттеулер ресми статистикамен

шектеледі. Сонымен қатар, халықаралық ғылыми базаларда (Scopus, Web of Science) жарияланған қазақстандық демографиялық зерттеулердің үлесі өте аз. Сол аздың ішінде Қазақстанның демографиялық даму болжамы, елдің аймақтық құрылымы, туу мен өлім көрсеткіштері қарастырған зерттеушілер бар [Spankulova, Chulanova, 2023: 52]. Одан бөлек, Қазақстан мен бүкіл Орталық Азиядағы әлеуметтік-демографиялық өзгерістерді талдаған мақалаларға да назар аударылды [Tukumov, Kurmashev, 2024: 5]. Ұлттық демографияның халықаралық ғылыми айналымға толыққанды енуіне жағдай жасау үшін халықаралық деңгейдегі басылымдарға жариялау үрдісін дамыту қажет.

Отандық басылымдарға келетін болсақ, тақырыпты зерттеу бағытының кеңеюі байқалады. Соңғы жылдары Қазақстан демографиясында зерттеу тақырыптарының әртараптануы байқалады. Этнодемографиялық өзгерістер, көші-қон және урбанизация мәселелерімен қатар, демографиялық қауіпсіздік, урбанизация мен ұлттық бірегейлік арасындағы байланыс, гендерлік факторлар және демографиялық саясат тақырыптары өзекті бағыттарға айналды.


Урбанизация мен ішкі көші-қон динамикасын зерделеу барысында қалалық тұрғындардың үлесінің күрт артқанын, ауыл халқының санының жыл сайын азайып жатқанын байқауға болады. Ал, сыртқы көші-қон тұрғысынан алғанда, Қазақстан соңғы жиырма жылда екіжақты көші-қон процесін бастан өткерді. 1990-жылдары елден кеткен этникалық орыстар мен немістердің үлесі азайып, олардың орнын қандас қазақтар (оралмандар) толықтыра бастады. ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде еңбек миграциясы жаңа сипат алып, Қазақстан бір мезгілде жұмыс күшін тартатын және білікті мамандарды шетелге жіберетін елге айналды. Бұл құбылыс ішкі еңбек нарығына, өңірлік теңгерімге және әлеуметтік құрылымға әсер етті. Урбанизация үдерісі, әсіресе Астана, Алматы, Шымкент сияқты ірі қалаларда, демографиялық кеңістіктің жаңа құрылымын қалыптастырып отыр.

Мемлекеттік демографиялық саясатқа назар аударатын болсақ, соңғы жылдары мемлекет демографиялық процестерді реттеу мақсатында отбасы институтын қолдау, көпбалалы аналарды әлеуметтік қорғау және бала тууға ынталандыру бағытындағы шараларды күшейтті. «Аңсаған сәби» бағдарламасы, тұрғын үймен қамтамасыз ету және әлеуметтік төлемдер демографиялық өсімге оң ықпал етті. Дегенмен, демографиялық дамудың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жастарды әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қолдау, білім мен еңбек нарығын теңгеру, көші-қонды тиімді басқару және аймақаралық даму айырмашылығын азайту маңызды.

Қазақстан демографиясының халықаралық контекстегі орны тұрақты деуге негіз бар. Мысалы, Орталық Азия елдерімен салыстырғанда, Қазақстанда туу деңгейі орташа қарқында дамуда. Өзбекстан мен Тәжікстанда жоғары туу көрсеткіштері сақталып отырса, Қазақстанда урбанизация мен экономикалық факторлар туу динамикасын тежеп отыр. Қырғызстандағы еңбек миграциясы феномені Қазақстанда да байқалғанымен, елдегі көші-қон үрдістері ішкі және сыртқы бағыттардың үйлесімділігімен ерекшеленеді.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы демографиялық даму үрдістері елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістерімен тығыз байланысты. Демография бүгінгі таңда тек сандық көрсеткіштер жиынтығы емес, ұлттық қауіпсіздік, әлеуметтік тұрақтылық және стратегиялық даму факторы ретінде қарастырылуда. Алдағы кезеңде демографиялық зерттеулердің басты бағыттары ретінде урбанизация, көші-қон, жастардың әлеуметтік бейімделуі, ұлттық сәйкестік және еңбек нарығының трансформациясы айқындалуда. Демек, демографиялық ғылымның жаңа кезеңі пәнаралық синтезге, болжамдық талдау мен халықаралық ғылыми интеграцияны күшейтуге негізделуі қажет деп есептейміз.

Нәтижелер. Халық саны дегеніміз – белгілі бір аумақта белгілі бір уақыт сәтінде тұратын адамдардың саны. Жыл басындағы ағымдағы бағалау соңғы халық санағының нәтижелері негізінде есептеледі. Бұл есепке сәйкес жыл сайын осы аумақта туғандар мен тұрақты тұруға келгендердің саны қосылады және қайтыс болғандар мен тұрақты тұруға кеткендердің саны шегеріледі. Алдыңғы жылдарға қатысты халық санының ағымдағы бағалары келесі халық санағының қорытындылары негізінде нақтыланып отырады [stat.gov.kz, 2025]. Ұлттық статистикалық бюроның статистикалық деректерінде 2024 және 2025 жылдың демографиялық көрсеткіштерінің шектеулілігіне байланысты 2021.



1 сур. 2021-2023 жылдар аралығындағы негізгі демографиялық көрсеткіштер. Ұлттық бюросның статистикалық мәліметтеріне сәйкес автормен құрастырылды

2023 жылдар аралығындағы негізгі демографиялық көрсеткіштерге (1 сурет) назар аудардық. Нәтижесінде осы жылдар аралығында халықтың өмір сүру ұзақтығының жыл сайын ұлғайып келе жатқанын, туу көрсеткіші мен өлім фактілерінің азайғанын байқауға болады.

Жалпы зерттеу нәтижелері Қазақстандағы демографиялық дамудың ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде бірнеше жаңа бағытта өрбігенін көрсетті. Қазіргі күні елдің демографиялық деңгейін жақсарту үшін білім мәселесіне аса назар аудару қажет деп пайымдаймыз. Білімнің артуы туу деңгейін төмендетіп, өмір сүру ұзақтығы мен экономикалық белсенділікті арттыра отырып, демографиялық өзгерістердің қарқыны мен бағытын айқындайды. Қазақстанда да ерлер мен әйелдердің білім деңгейінің артуымен қатар жүріп жатқан бұл демографиялық кезең алдағы үш онжылдықта ел үшін әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктер тудыруы ықтимал. Алайда, ол үшін тиісті экономикалық жағдайлар, мемлекеттік саясаттар және жастарды жұмыспен қамту шаралары дайындалуы қажет [Mirzaei, Sadeghi, 2023: 523].

ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінің соңғы бөлігіндегі (2021–2025 жж.) Қазақстандағы демографиялық дамудың жаңа үрдістерін анықтау үшін осы зерттеуде туу мен өлім көрсеткіштері, урбанизация, көші-қон сияқты нақты үш бағытқа басымдық бердік және оларды жеке-жеке қарастырамыз.

Туу мен өлім көрсеткіштері. Жалпы өлім-жітім коэффициенті – халық өлім-жітімінің қарқындылығын анықтайтын көрсеткіш. Ол жыл ішінде қайтыс болғандардың жалпы санының халықтың жылдық орташа санына қатынасы түрінде есептеледі. Әдетте 1000 адамға шаққандағы есеппен көрсетіледі. 2021–2025 жылдардағы туу мен өлім көрсеткіштерін анық көру үшін тәуелсіздік алған жылдардағы көрсеткіштердің деректеріне қараймыз. Мысалы, 2000–2010 жылдары Қазақстанда халық саны баяу қарқынмен өскенімен, 2010 жылдан кейінгі кезеңде туу көрсеткіштері тұрақталып, халықтың табиғи өсімі айқын байқалды. Ал осы зерттеудің хронологиялық кезеңіне жататын 2021–2025 жылдар аралығындағы туу мен өлім көрсеткіштерін саралай келе соңғы бес жылда халық өсімінің тұрақталғанын көруге болады. Бұл үрдіске әлеуметтік қолдау бағдарламалары мен экономикалық тұрақтану ықпал етті. Өмір сүру ұзақтығы да біртіндеп артып, 2020 жылдардың ортасына қарай орта есеппен 73 жасқа жетті.

Ұлттық бюросның ресми сайтындағы табиғи өсім коэффициенті туралы түсіндірмеге мән беретін болсақ, ол – жалпы туу коэффициенті мен өлім-жітім коэффициентінің айырмасы. Туған кездегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы – белгілі бір жылы туған ұрпақтағы әрбір адам өмір бойы дәл сол жылғы жас ерекшеліктері бойынша өлім-жітім деңгейі сақталған жағдайда орта есеппен өмір сүретін жылдар саны [stat.gov.kz, 2025].

Өлім жағдайлары туралы мәліметтер өлім актілері мен медициналық өлім туралы куәліктер негізінде жасалған статистикалық жыл сайынғы өңдеулер нәтижесінде алынады. Бұл құжаттар азаматтық хал актілерін жазу органдары тарапынан рәсімделеді және олардың негізінде өлім туралы актілер жасалады. Өлімді тіркеу қайтыс болған адамның тұрған жері бойынша немесе өлім болған жері бойынша жүргізіледі. Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша өлім-жітімнің статистикалық деректері қайтыс болғандардың тұрақты тұрғылықты жері негізінде қалыптастырылады. Соның негізінде Қазақстан бойынша өлім себептерін санаттарға бөлуге және тенденциясын анық көруге мүмкіндік бар. Бұл мәліметтер де өз кезегінде халықтың әлеуметтік көрсеткіштерінің негізін құрайды. 1 кестеден негізгі өлім себептері бойынша қайтыс болғандардың мәліметтерін көруге болады.

1 кесте. Қазақстандағы өлім-жітім себептері

Өлім себептері	2021	2022	2023	2024	2025
Қан айналымы жүйесі ауруларынан	19137	12279	11354	29637	28812
Жазатайым оқиғалардан, уланулардан және жарақаттардан	2505	2297	2378	10366	10078
Жаңа түзілімдерден (ісіктерден)	6790	6490	6443	13556	13178
Тыныс алу органдары ауруларынан	9223	5251	5116	13290	12920
Асқазан-ішек органдары ауруларының себебінен	5335	4531	4471	11031	10724
Жұқпалы және паразиттік аурулардан	467	537	488	495	1200
Ескерту: кесте Ұлттық бюро агенттігінің статистикалық деректеріне сай, өзге де ашық ақпараттардың (sputnik.kz) негізінде автормен құрастырылды					

Кестедегі 2024 жылғы мәліметтер Ұлттық статистика бюросының 2024 жылғы көрсетілген жалпы қайтыс болғандар саны (132.9 мың) және 2024 жылғы ресми релизде берілген негізгі себептер бойынша үлестер негізінде есептелді. 2025 жыл үшін нақты (ресми) толық жылдық сандар жарияланбауына байланысты осы жылды зерттеу бойынша шектеулер бар. Бірақ, ғаламтордағы ақпараттық сайттардың мәліметтерін қолдандық. Мысалы, 2025 жылы қайтыс болғандардың көпшілігі қан айналымы ауруынан көз жұмғаны мәлімделген. Осы кезеңде бұл аурумен 29,8 мың адам қайтыс болды. Бұл көрсеткіш те жыл санап өсіп барады. Екінші орында - жүйке жүйесінің аурулары тұр. Бұл аурумен 25,6 мың адам бақилық болған. Жазатайым оқиғалар, улану және жарақат салдарынан 10,4 мың адам, жұқпалы және паразиттік аурулардан 1,2 мың адам көз жұмды [Sputnik, 2025].

Кестедегі сандарға назар аударатын болсақ, 2024 және 2025 жылдары Қазақстандағы өлім-жітім күрт көбейді деген тұжырым жасауға болады. Қан айналымы жүйесі ауруларынан, жазатайым оқиғалар мен онкологиялық аурулардан, сондай-ақ жұқпалы-паразиттік аурулардан қайтыс болғандар саны айтарлықтай өсті. Мұның себебін күрделі әлеуметтік жағдайлармен, адамдардың стресс пен депрессияға жиі түсу фактілерімен тығыз байланысты деп болжаймыз.

Урбанизация. ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінің соңғы бөлігіндегі Қазақстандағы демографиялық дамудың жаңа үрдістерінің тағы бір бағыты – урбанизация. Урбанизация – қалалардың мөлшері, тығыздығы және алуан түрлілігі тұрғысынан өзгеру процесі [Vlahov, Galea, 2002: 79]. Хронологиялық зерттеу кезеңінде (2021-2025) халықтың қала мен ауыл арасындағы арақатынасы айтарлықтай өзгерді. 2000 жылы қала тұрғындарының үлесі шамамен 56 % болса, 2023 жылға қарай ол 60 %-дан асты. Ауылдан қалаға көшу қарқыны әсіресе жастар арасында күшейді. Бұл – әлемдік құбылыс. Урбанизация индустриялық экономикадан барған сайын білімге негізделген экономикаға көшу барысында көптеген елдерде аумақтық поляризацияны күшейтті. Бұл өзгеріс қалалық өңірлерге экономикалық дамуды ынталандыру арқылы пайда әкелсе, ауылдық өңірлерде халық санының азаюы, салық базасының қысқаруы және экономикалық тоқырау орын алуда [Sundqvist, 2021: 287]. Қазақстандағы урбанизацияның негізгі себептерін ауылды аймақтардағы жұмыстың тапшылығымен, мектеп бітіруші жастардың қалалық аймақтарға жоғары оқу орындарына кетуімен байланыстырамыз. Нәтижесінде Алматы, Астана және облыс орталықтарының халқы едәуір артты. Дегенмен, урбанизация адамзат дамуы мен прогрестің белгісі ретінде танылғанымен, соңғы

зерттеулер қалалық ортаның айтарлықтай әлеуметтік теңсіздіктер мен денсаулық мәселелеріне әкелетінін көрсетеді [Kuddus et al., 2020: 41]. Осы ретте ғалымдар ауылдық дамуға қатысты ауылдық аймақтардың әркелкі сипаты жеке физикалық, демографиялық, институционалдық, мәдени және геосаяси жағдайларға сәйкес икемді және дифференциалды саясатты талап ететінін атап өтеді [Stern, 2013: 154]. Өзге бір ғалымдардың анықтамаларында урбанизация — бұл көп санды адамдардың салыстырмалы түрде шағын аумақтарда тұрақты түрде шоғырланып, қалаларды қалыптастыру процесі ретінде көрсетілген. Қаланың анықтамасы уақыт пен географиялық кеңістікке байланысты өзгеріп отырады. Алайда ғылыми тұрғыдан алғанда бұл ұғым көбіне демографиялық өлшемдер арқылы айқындалады [Evers et al., 2024].

Қазақстандағы соңғы жылдардағы урбанизация көрсеткіштері ауылдық аймақтардың тоқырауға ұшырап жатқанын көрсетеді. Жастардың жаппай қалаға кету тенденциясы байқалады. Мысалы, 2025 жылғы 1 шілдедегі мәлімет бойынша халық саны 20 387 811 адамды құрады, оның ішінде қалалықтар – 12 899 438 адам, ал ауылдық тұрғындар – 7 488 373 адам [stat.gov.kz, 2025]. Осы фактілерді 2021 жылмен салыстырмалы түрде алсақ, қазіргі күні жалпы халық санының едіуір өскенін көруге болады (2 сурет).



2 сур. 2021 жылғы және 2025 жылғы халық өсіміне салыстырмалы талдау
Ұлттық бюроның статистикалық мәліметтеріне сәйкес автормен құрастырылды

Бұл сурет арқылы қалалық және ауылдық тұрғындардың сандық динамикасын салыстыруға қолайлы. Салыстырмалы талдаудың нәтижесінде соңғы төрт жылдың ішінде Қазақстан халқының жалпы саны шамамен 6,3 % өскен. Бұл табиғи өсім мен көші-қон процестерінің оң динамикасын білдіреді. Халық санының тұрақты өсуі елдегі туу деңгейінің біршама жоғары екенін көрсетеді.

Ұлттық санақ елімізде урбандалу үдерісі, әсіресе кейінгі он екі жылда қарқынды жүргендігін көрсетті: қала халқының үлес салмағы 1999 жылы – 56,4, 2009 жылы 56,1 пайыз болса, 2021 жылы 61,2 пайызға жетті. Тиісінше ауыл халқының саны азайып, бұдан екі жыл бұрынғы үлес салмағы 38,8 пайыз болды. Биылғы 28 наурызда Үкімет қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасында 6295 ауылдық елді мекеннің алдағы уақытта 5900-і ғана қалады деп болжанғандығын ескерсек, урбандалу одан әрі жалғасып, бола-ша-ғы бар тірек және серіктес ауылдық елді мекендер тізбесіне енгізілмеген жүздеген ауылдың түтіні өшетін тәрізді [Мұсырман, 2023].

Қалалық халықтың өзгерісі бойынша да даму тенденциясы байқалады. Нәтижесінде қалалық тұрғындар саны 10 %-ға артқан. Бұл урбанизация процесінің қарқынды жүріп жатқанын дәлелдейді. Экономикалық, білім беру және инфрақұрылымдық мүмкіндіктердің шоғырлануы қалаға көшуге әсер

етті деген тұжырым жасауға болады. Ал ауыл халқының өзгерісі бойынша баяу өсім байқалады – небәрі 0,6 %. Бұл ауылдық аймақтарда туу көрсеткіштерінің жоғары болғанына қарамастан жастардың қалаға көшу үдерісінің басым екенін білдіреді.

Көші-қон. Миграция бүгінде ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде адам құқықтары, даму және геосаясатпен байланысты маңызды саяси мәселе болып отыр [Zhumashbekova et al., 2024]. Халықтың көші-қоны – адамдардың (мигранттардың) тұрғылықты орнын ауыстырумен белгілі бір аймақтар шекарасынан өтуі. Қоныс аударғандар мен көшіп кеткендердің саны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінен келіп түсетін халықты тұрақты тұруға тіркеу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесінде анықталады. Ағымдағы статистикалық есепте шартты түрде келгендер мен кеткендердің саны тіркеледі, ал шын мәнінде әңгіме келулер мен кетулер саны туралы болып отыр.

Көші-қонның негізгі көрсеткіштері мыналар болып табылады:

- келгендер саны (келулер);
- кеткендер саны (кетулер);
- көші-қон өсімі (немесе азаюы), көші-қон балансы, таза көші-қон. Көші-қонның қарқындылық көрсеткіштері белгілі бір кезең ішінде халықтың тұрғылықты орнын ауыстыру жиілігін сипаттайды. Көбінесе 1000 адамға шаққандағы жалпы жылдық көші-қон қарқындылығы коэффициенттері қолданылады [stat.gov.kz, 2025].

Сыртқы көші-қон динамикасы екі кезеңге бөлінді. 2000–2010 жылдары шетелге көшу үрдісі айқын болса, 2010 жылдан кейінгі жылдары тұрақтанды. Қазақстанға этникалық қазақтардың оралуы (оралмандар) халық құрамына елеулі ықпал етті. Сонымен бірге, еңбек миграциясы шетелден келетін жұмысшылар мен Қазақстаннан тысқарыға кететін мамандар ағынын қалыптастырды. Хронологиялық зерттеу кезеңіндегі сыртқы көші-қонның, яғни Қазақстаннан кету және келудің көрсеткіштерін нақты көру үшін 2-ші кестеге назар аударамыз.

2-кесте. 2021-2025 жылдар аралығындағы сыртқы көші-қон көрсеткіштері (Қазақстаннан кету және келу)

Жыл	Елге тұрақты көшіп келушілердің саны	Елден тұрақты тұруға кетушілер саны	Таза миграция	Дереккөздер / ескерту
2021	11,039	32,256	Таза – теріс баланс, шамамен 21,217 адам	Біріңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ресми сайтынан [enpf.kz, 2024]
2022	17,425	24,147	Таза – теріс баланс, шамамен 6,722 адам	
2023	25,387	16,094	Таза, шамамен +9,293 адам	[Beisembina, et al., 2025]
2024	29,282	12,732	Таза, шамамен +16,550 адам	[KazTAG, 2025]
2025	I жартыжылдықта 7,5 миллион шетелдіктің Қазақстанға кіргені айтылған	I жартыжылдықта 7,2 миллион Қазақстаннан шыққаны туралы дерек бар	-	Бұл 2025 жылдың алғашқы 6 айындағы туристік/уақытша / кіріп-шығу қозғалыстарының жалпы саны, тұрақты көшу емес

2021 жылы тұрақты жұмысқа келушілер саны мен елден кетушілер арасындағы айырма (таза миграция) теріс болған, яғни елден кетушілердің көптігімен сипатталады.

2022 жылы да таза миграция теріс болғанымен 2021 жылға қарағанда айырма едәуір төмендеген. Бұл елге келушілердің санының артуымен және елден кетушілердің санының азаюымен байланысты. Сәйкесінше, 2022 жылы елге келу көрсеткіші 2021 жылға қарағанда жоғарылаған.

2023 жылы таза миграция алғаш рет оң нәтижеге ие болды. 2024 жылы бұл көрсеткіштердің аса қарқынмен тенденция алғанын байқауға болады. 2025 жылғы ресми деректердің толық жарияланбауына байланысты шектеулер барын ескере отырып, 2024 жылдың толық жылдық көрсеткіштері бойынша Қазақстандағы демографиялық дамудың сыртқы көші-қон бағытына оң баға беруге негіз бар. Яғни, соңғы жылдары Қазақстанда көші-қон үдерісі жаңа сипатқа ие болған. Мәселен, 2024 жылы елге 29,282 шетел азаматы кіріп, 12,732 адам шыққан, нәтижесінде таза көші-қон балансы шамамен +16,550 адамды құрады [KazTAG, 2025]. Ал 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында 7,5 миллион шетелдік Қазақстанға кіріп, 7,2 миллион адам шыққаны тіркелген. Бұл көрсеткіштер негізінен туристік және уақытша сапарлар қозғалысын білдіреді, алайда олардың жиілігі халықаралық көші-қон мен еңбек миграциясы ағынының белсенділігін көрсетеді.

Көші-қон мен қоныстанудың уақыт бойынша өзгерген үлгілерін зерделеу жаһандық кірігу үдерісінің қалыптасуы мен эволюциясын түсінуге мүмкіндік береді [Sefer et al., 2023: 185]. Біздің пайымдауымызша, көші-қон үдерісінің сапасы, яғни көшуші адамдардың тек халық санының өсуі ғана емес, сонымен қатар сауаттылық деңгейінің және жалпы адами капиталдың артуымен де құнды [Zanden, 2011: 331]. Осы көші-қон үдерісінде этникалық қазақтардың санының артуы да маңызды. Себебі, этникалық қазақтар бірнеше онжылдықтың ішінде өздерінің сандық басымдығынан айырылды. Бұл өзгеріс олардың аумағының ірі көші-қон толқындарына ашылуының нәтижесінде орын алды [Saparbekova, 2014: 71]. Дегенмен, 2000–2024 жылдар аралығында қазақ халқының үлесі айтарлықтай өсті. 2000 жылы олардың үлесі жалпы халықтың 53 %-ын құраса, 2024 жылға қарай 70 %-дан асты. Орыс, неміс және басқа да славян этностарының үлесі біртіндеп азайды. Бұл өзгерістер тарихи көші-қон үдерістерімен және этностық топтардың миграциялық белсенділігімен байланысты деген тұжырым жасауға болады.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстандағы демографиялық дамудың сапалық тұрғыдан жаңа кезеңге өткенін көрсетті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыстан кейін елдегі демографиялық процестер біртіндеп тұрақталып, халық санының артуы, туу көрсеткішінің тұрақтануы және өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы айқын байқалды. Осы аталғандар Қазақстандағы ХХІ ғасырдың алғашқы ширегіндегі демографиялық дамудың басты ерекшеліктері болып табылады.

Урбанизация қарқыны халықтың қоныстану құрылымын түбегейлі өзгертті: ірі қалаларда тұрғындар саны өсіп, ауылдық жерлердегі көші-қон күшейді. Сыртқы көші-қон ағындарының өзгеруі мен этникалық қазақтардың елге оралуы этнодемографиялық құрамға әсер етті. Нәтижесінде қазақ халқының үлесі едәуір артып, этносаралық құрылым трансформацияға ұшырады.

Жастардың басым бөлігі қалаларға шоғырлануда, бұл еңбек нарығы мен әлеуметтік инфрақұрылымға қысым түсіріп отыр. Сонымен қатар халықтың қартаю үрдісі де байқалып, демографиялық саясаттың ұзақ мерзімді бағыттарын қайта қарастыруды талап етеді. Осылайша, Қазақстандағы демографиялық дамудың негізгі жаңа тенденциялары – халық санының өсуі, урбанизацияның жеделдеуі, этнодемографиялық құрамдағы өзгерістер және өмір сүру ұзақтығының артуы болып табылады. Бұл үрдістер елдің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясына тікелей ықпал етіп, ұлттық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады деген қорытындыға келдік.

Сонымен қатар, осы зерттеудің ғылыми маңызы ретінде Қазақстандағы демографиялық процестердің қазіргі кезеңдегі ерекшеліктерін айқындап, олардың болашақ даму бағыттарына болжам жасауға мүмкіндік беруінде екенін атап көрсетеміз. Ал демографиялық саясатты жетілдіруде, көші-қон үдерістерін реттеуде және әлеуметтік бағдарламаларды жоспарлауда алынған нәтижелерді қолдану мүмкіндігін осы мақаланың практикалық маңызы ретінде бағалаймыз. Сонымен қатар, зерттеу жүргізу барысында 2025 жылдың толық жылдық деректері жарияланбауына байланысты 2025 жылғы деректерді болжау үшін экстраполяция әдісі қолданылғандықтан бұл болашақ зерттеушілер үшін пікірталас тудыруы мүмкін.

Әдебиеттер

- enpf.kz, 2024 – *enpf.kz* – Бірінғай жинақтаушы зейнетақы қоры. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстандағы демографиялық трендтер, ұзақ мерзімді сын-қатерлер және олардың зейнетақы жүйесіне әсері. 2024. URL: <https://www.enpf.kz/upload/iblock/f70/1x6dddsyh1868n2pnyixue2u1v8mcj4c.pdf>
- sputnik.kz, 2025 – *sputnik.kz*. Қазақстанда өлімі-жітім көрсеткіші 2,3%-ке артқан. 06.03.2025. URL: https://sputnik.kz/20250306/qazaqstanda-olimi-zhitim-korsetkishi-23-ke-artqan-51148355.html?utm_source=chatgpt.com
- stat.gov.kz, 2025 – *stat.gov.kz*. Демографиялық статистика. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы. URL: <https://stat.gov.kz/>
- Мұсырман, 2023 – *Мұсырман К.* Ұлттық санақ: Сыры терең цифрлар. *Егемен Қазақстан* // 2023. 22 қараша. URL: <https://egemen.kz/article/353208-ulttyq-sanaq-syry-terenh-tsifrlar>
- Beisembina, et al., 2025 – *Beisembina A., Abuselidze G., Nurmaganbetova B., Kabakova G., Makenova A., Nurgaliyeva A.* The Labour Market in Kazakhstan Under Conditions of Active Transformation of Their Economy. *Economies*. 21025. № 13(5). P. 131. <https://doi.org/10.3390/economies13050131>
- Evers, et al., 2024 – *Evers D., Katuric I., van der Wouden R.* Understanding Urbanization. In: *Urbanization in Europe. Sustainable Urban Futures*. Palgrave Macmillan, Cham. 2024. https://doi.org/10.1007/978-3-031-62261-8_1
- Kuddus et al., 2020 – *Kuddus M.A., Tynan E., McBryde E.* Urbanization: a problem for the rich and the poor?. *Public Health Rev* 41. 2020. № 1. <https://doi.org/10.1186/s40985-019-0116-0>
- KazTAG, 2025 – *KazTAG*. Number of migrants has increased by more than 15% within a year in Kazakhstan. 2025. March 13. URL: <https://kaztag.kz/kz/news/number-of-migrants-has-increased-by-more-than-15-within-a-year-in-kazakhstan>
- Mirzaei, Sadeghi, 2023 – *Mirzaei M., Sadeghi R.* Iran's Demographic Transition and Its Potential for Development. *Middle East Critique*, 2023. № 32(4). Pp. 523–533. <https://doi.org/10.1080/19436149.2023.2270347>
- Rakhmetova, Kaliyeva, 2022 – *Rakhmetova R.U., Kaliyeva S.A.* Comparative Analysis of the Demographic Development of the Regions of Kazakhstan. *The economy strategy and practice*, 2022. № 17(1). Pp. 80–92. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-1-80-92>
- Sefer et al., 2023 – *Sefer A., Erinal E., Kabadayı M. E.* Mid-Nineteenth-Century Gemlik and Its Environs: A Survey of a West Anatolian Region and Its Long-Term Economic and Demographic Development. *Journal of Balkan and Near Eastern Studies*, 2023. № 26(2). Pp. 183–202. <https://doi.org/10.1080/19448953.2023.2233354>
- Sundqvist, 2021 – *Sundqvist E.* Demographic challenges in regional development: A study of regional political leadership in Sweden and Finland. *Regional, Federal Studies*, 2021. № 33(3). Pp. 287–305. <https://doi.org/10.1080/13597566.2021.1959322>
- Stern, 2023 – *Stern E.* Demographic sustainability and rural development policy. *Journal of Maps*, 2023. 9(2), 154–160. <https://doi.org/10.1080/17445647.2013.773566>
- Saparbekova et al., 2014 – *Saparbekova A., Kocourková J., Kučera T.* Sweeping ethno-demographic changes in Kazakhstan during the 20th century: A dramatic story of mass migration waves AUC Geographica, 49. 2014. № 1. Pp. 71–82. URL: <https://karolinum.cz/data/clanek/26/96643.pdf>
- Spankulova, Chulanova, 2023 – *Spankulova, L. S., Chulanova, Z. K.* Data on the demographic forecast of the Kazakhstan population. *Data in brief*. № 52. P. 109985. <https://doi.org/10.1016/j.dib.2023.109985>
- Tukumov, Kurmashev, 2024 – *Tukumov, Y., Kurmashev, A.* Societal Shifts in Central Asia: Figures and Trends. *Journal of Central Asian Studies*, 2024. № 95(3). Pp. 4–17. <https://doi.org/10.52536/3006-807X.2024-3.01>
- Vlahov, Galea, 2002 – *Vlahov D., Galea S.* Urbanization, urbanicity, and health // *Journal of urban health : bulletin of the New York Academy of Medicine*. 2002. № 79 (4 Suppl 1). S1–S12. https://doi.org/10.1093/jurban/79.suppl_1.s1
- Zhumashbekova et al., 2024 – *Zhumashbekova S., Kirdasinova K., Talapbayeva G., Bekmagambetova G., Nurpeissova A., Orynbekeva G., Aldeshova S.* Assessment of the migration processes on the example of Kazakhstan. *Regional Science Policy, Practice*. Vol. 16. Issue 3. March 2024. P. 12645. <https://doi.org/10.1111/rsp3.12645>
- Zanden, 2011 – *van Zanden J. L.* The Malthusian intermezzo: Women's wages and human capital formation between the late Middle Ages and the demographic transition of the 19th century. *The History of the Family*, 2011. № 16(4). Pp. 331–342. <https://doi.org/10.1016/j.hisfam.2011.08.003>

References

- Beisembina, et al., 2025 – *Beisembina A., Abuselidze G., Nurmaganbetova B., Kabakova G., Makenova A., Nurgaliyeva A.* The Labour Market in Kazakhstan Under Conditions of Active Transformation of Their Economy. *Economies*. 2025. № 13(5). Pp. 131. <https://doi.org/10.3390/economies13050131>
- enpf.kz, 2024 – *enpf.kz* – Бірінғай жинақтаушы зейнетақы қоры. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстандағы демографиялық трендтер, ұзақ мерзімді сын-қатерлер және олардың зейнетақы жүйесіне әсері [Unified Accumulative Pension Fund. Demographic trends, long-term challenges, and their impact on the pension system in Kazakhstan based on the results of 2023]. URL: <https://www.enpf.kz/upload/iblock/f70/1x6dddsyh1868n2pnyixue2u1v8mcj4c.pdf> [in Kazakh]

- Evers, et al., 2024 – Evers D., Katurić I., van der Wouden R. Understanding Urbanization. In: Urbanization in Europe. Sustainable Urban Futures. Palgrave Macmillan, Cham. https://doi.org/10.1007/978-3-031-62261-8_1
- Kuddus et al., 2020 – Kuddus M.A., Tynan E., McBryde E. Urbanization: a problem for the rich and the poor?. *Public Health Rev* 41. 2020. № 1. <https://doi.org/10.1186/s40985-019-0116-0>
- KazTAG, 2025 – KazTAG. Number of migrants has increased by more than 15% within a year in Kazakhstan. March 13, 2025. URL: <https://kaztag.kz/kz/news/number-of-migrants-has-increased-by-more-than-15-within-a-year-in-kazakhstan>
- Musyrman, 2023 – Musyrman K. Ұлттық санақ: Сыры терең сифрлар [National Census: The Profound Meaning Behind the Numbers]. Egemen Qazaqstan. 2023. November 22, URL: <https://egemen.kz/article/353208-ulttyq-sanaq-syry-terenh-tsifrlar> [in Kazakh]
- Mirzaei, Sadeghi, 2023 – Mirzaei M., Sadeghi R. Iran's Demographic Transition and Its Potential for Development. *Middle East Critique*. 2023. № 32(4). Pp. 523–533. <https://doi.org/10.1080/19436149.2023.2270347>
- Rakhmetova, Kaliyeva, 2022 – Rakhmetova R.U., Kaliyeva S.A. Comparative Analysis of the Demographic Development of the Regions of Kazakhstan. *The economy strategy and practice*, 2022. № 17(1). Pp. 80–92. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-1-80-92>
- stat.gov.kz, 2025 – stat.gov.kz. Демографиялық статистика. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы [Demographic Statistics. Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan – Bureau of National Statistics]. 2025. URL: <https://stat.gov.kz/> [in Kazakh]
- sputnik.kz, 2025 – sputnik.kz. Қазақстанда өлімі-жітім көрсеткіші 2,3%-ке артқан. [In Kazakhstan, the mortality rate increased by 2.3%] as of March 6, 2025. URL: https://sputnik.kz/20250306/qazaqstanda-olimi-zhitim-korsetkishi-23-ke-artqan-51148355.html?utm_source=chatgpt.com [in Kazakh]
- Sefer et al., 2023 – Sefer A., Erinal E., Kabadayı M. E. Mid-Nineteenth-Century Gemlik and Its Environs: A Survey of a West Anatolian Region and Its Long-Term Economic and Demographic Development. *Journal of Balkan and Near Eastern Studies*. 2023. № 26(2). Pp. 183–202. <https://doi.org/10.1080/19448953.2023.2233354>
- Sundqvist, 2021 – Sundqvist E. Demographic challenges in regional development: A study of regional political leadership in Sweden and Finland. *Regional, Federal Studies*, 2021. № 33(3). Pp. 287–305. <https://doi.org/10.1080/13597566.2021.1959322>
- Stern, 2023 – Stern E. Demographic sustainability and rural development policy. *Journal of Maps*, 2023. № 9(2). Pp. 154–160. <https://doi.org/10.1080/17445647.2013.773566>
- Saparbekova et al., 2014 – Saparbekova A., Kocourková J., Kučera T. Sweeping ethno-demographic changes in Kazakhstan during the 20th century: A dramatic story of mass migration waves AUC Geographica, 49. № 1. Pp. 71–82. URL: <https://karolinum.cz/data/clanek/26/96643.pdf>
- Spankulova, Chulanova, 2023 – Spankulova, L. S., Chulanova, Z. K. Data on the demographic forecast of the Kazakhstan population. *Data in brief*. 2023. № 52. 109985. <https://doi.org/10.1016/j.dib.2023.109985>
- Tukumov, Kurmashev, 2024 – Tukumov, Y., Kurmashev, A. Societal Shifts in Central Asia: Figures and Trends. *Journal of Central Asian Studies*. 2024. No 95(3). Pp. 4–17. <https://doi.org/10.52536/3006-807X.2024-3.01>
- Vlahov, Galea, 2002 – Vlahov D., Galea S. Urbanization, urbanicity, and health. *Journal of urban health : bulletin of the New York Academy of Medicine*. 2002. No 79(4 Suppl 1). S1–S12. https://doi.org/10.1093/jurban/79.suppl_1.s1
- Zhumashbekova et al., 2024 – Zhumashbekova S., Kirdasinova K., Talapbayeva G., Bekmagambetova G., Nurpeissova A., Orynbekova G., Aldeshova S. Assessment of the migration processes on the example of Kazakhstan. *Regional Science Policy, Practice*. Vol. 16. Issue 3. March 2024. P. 12645. <https://doi.org/10.1111/rsp3.12645>
- Zanden, 2011 – van Zanden J. L. The Malthusian intermezzo: Women's wages and human capital formation between the late Middle Ages and the demographic transition of the 19th century. *The History of the Family*, 2011. № 16(4). Pp. 331–342. <https://doi.org/10.1016/j.hisfam.2011.08.003>

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2025. Т. 28. № 4

<i>Uryustyumova A., Sadvakassova Zh., Omurova Zh.</i> KAZAKHSTAN-KYRGYZSTAN CULTURAL DIPLOMACY (2015–2025): THE ROLE OF TURKSOY AND OTHER CULTURAL PLATFORMS.....	990
<i>Sailaubaeva A.K., Zhumatai S.</i> THE ROLE OF THE AKHMET RIZA MADRASAH IN THE EDUCATIONAL AND ENLIGHTENMENT ACTIVITIES OF THE SEMEY REGION.....	1000
<i>Akshanova A.M., Otepova G.E., Kabidenova Zh.D.</i> NATIONAL PERSONNEL POLICY IN THE PAVLODAR REGION UNDER THE FUNCTIONAL NORM OF KORENIZATSIYA (INDIGENIZATION).....	1009
<i>Kapassova G., Sadvakassova Zh., Kaliyeva K.</i> HISTORICAL FORMATION AND DEVELOPMENT TRENDS OF TOURISM IN THE ALAKOL AND ISSYK-KUL REGIONS: A COMPARATIVE ANALYSIS.....	1020
<i>Dossymova M.K.</i> THE GENERAL SITUATION OF THE OTTOMAN EMPIRE AND RUSSIA IN THE FINAL STAGES OF THE FIRST WORLD WAR.....	1033
<i>Baigabatova N., Abdrakhim M.</i> ADAPTATION CHALLENGES OF ETHNIC REPATRIATES IN POST-SOVIET KAZAKHSTAN: A HISTORICAL-CONTEXTUAL ANALYSIS.....	1050
<i>Dalayeva T., Idrissova A.</i> VISUAL SYMBOLISM OF ECONOMIC HISTORY IN TEXTBOOKS ON THE MODERN HISTORY OF KAZAKHSTAN (SECOND HALF OF THE 20TH–EARLY 21 CENTURIES).....	1063
<i>Sadvakassova Zh., Kapassova G.</i> KAZAKHSTAN KYRGYZ AND KYRGYZSTAN KAZAKHS: ETHNODEMOGRAPHIC TRANSFORMATION AND MIGRATION IN THE FIRST DECADE OF INDEPENDENCE.....	1080
<i>Zhussip S.A., Nurpeisov Y.K., Maslov Kh.B.</i> ALASH ORDA'S SOVEREIGN FOREIGN POLICY: NEGOTIATIONS WITH THE CZECHOSLOVAK DELEGATION (1918-1920).....	1091
<i>Токашева А.Н., Жуманова А.З.</i> 1944 ЖЫЛҒЫ БКП(Б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕГІ ТАРИХШЫЛАР КЕҢЕСІ: КЕҢЕС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.....	1107

Сулейменова А.Т.РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА
1925–1933-ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН НАУҚАНДАРДЫ
ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....1117**Абсаликов А.А., Бисенова Г.А.**ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О КОК ОРДЕ (СИНЕЙ ОРДЕ) И АК ОРДЕ
(БЕЛОЙ ОРДЕ): ПРОБЛЕМЫ ЛОКАЛИЗАЦИИ И РЕКОНСТРУКЦИИ
В ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКОМ КОНТЕКСТЕ.....1136**Молдин Б.А., Мәден А.Т.**XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҚТАРЫ МЕН КӨТЕРІЛІСТЕРІ МӘСЕЛЕСІНЕ
ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....1148**Бейсенбаева Г.К., Касенова А.Д., Богенбаева А.К.**

ПОЛЕВЫЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ДЛЯ ШКОЛЬНИКОВ.....1166

Рахметова Ә., Сарсембаева Г.ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА
БАҒЫТТАРЫ (2021–2025 жж.).....1177**Есназарова З.Б.**АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ И СОЦИАЛЬНО-
ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДОВ
КАРАКАЛПАКСТАНА. 1873–1926 гг.....1189**Базарбаев К., Амирбек А., Акдениз Э.**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-
САЯСИ САНАСЫНДАҒЫ ТҮРКИЯ ФАКТОРЫ.....1205**Шолахов М.Г., Алпысбес М.А.**

РЕФОРМЫ ЖАНГИР-ХАНА.....1215

Мамраймов С.Д.1937 ЖЫЛҒЫ №00447 БҰЙРЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
КЕҢЕСТІК РЕПРЕССИЯЛЫҚ АППАРАТТЫҢ
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТЕТІКТЕРІ.....1230**Ескалиев С.А., Айтенов Ж.К.**КОММУНИСТІК ПАРТИЯ МЕН КЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТТІЛІК:
ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ
(ТАРИХИ АСПЕКТ).....1245**Сағнайкызы С., Сартаев С.А., Нусунбаева С.А.**КОРРУПЦИЯ И ПОЛИТИЗАЦИЯ: ОТРАЖЕНИЕ ТРАНСФОРМАЦИИ
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСКОЙ АССР НА СТРАНИЦАХ
ГАЗЕТЫ «ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» (КОНЕЦ 1920-х – НАЧАЛО 1930-х ГОДОВ).....1260

Қуаныш С.О., Айдосынова Г.Ж., Мурзаходжаев Қ.М.

АТЫРАУ Өңіріндегі қуғын-сүргін: өлім жазасына

КЕСІЛГЕН ДІН ӨКІЛДЕРІ.....1271

Хайдаров Т.Ф., Бейсембаева А.Р.

XIV Ғасырдың екінші жартысында жошы ұлысында

болған індет.....1284

Түлебаев Д.Ж., Симтиков Ж.К.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ.....1293

Ашимова У.А., Қалшабаева Б.К.

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ДӘСТҮРЛІ КИІМІНДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ

ҮРДІСТЕР: МӘДЕНИ ЖАД ПЕН ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ТҮЙІСІНДЕ.....1304

Kabuldinov Z.Y., Mussabalina G., Beisembayeva A.

KAZAKH-OIRAT RELATIONS IN THE CONTEXT OF REGIONAL

TRANSFORMATIONS IN CENTRAL ASIA (15th – EARLY 17th CENTURIES).....1319

Ерғабылов А.Е.

ЖЕТІСУ ЖӘНЕ ІЛЕ АЛАБЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ

ЗЕРТТЕЛУІНДЕГІ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

(1991-2023 ЖЖ. ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕ).....1331



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru